

Жақсылықтың жаршысы болсын!

Жаңа

Өмір



аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті

«Жаңа Өмір» аймақтық қоғамдық - саяси танымдық газеті 2025 жылдың 25 ақпан айынан шыға бастады

Жаңа Өмір

janoomir2025kz

2025 жыл / 25 сәуір / Жұма / №9 (9)



Академиялық ұтқырлықтың ұтымды тұсы

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті академиялық ұтқырлық жобасын жүзеге асыруда. Бұл республикалық бюджет есебінен студенттерді еліміздегі деңгейлес өзге оқу орындарымен қатар шет елдегі озық білім орындарында жарты жыл оқып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

«Орын саны шектеулі. Әр университетке тек 5 орын берілген. Алайда шет ел көргісі келетін талапкерлердің қарасы қалың», - дейді университеттің академиялық ұтқырлыққа жауапты маманы Марғұллан Нұрханов.

2024 жылдың қазанынан 2025 жылдың ақпанына дейін «Ағылшын тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Бабажанов Рустам Индонезияның Пекабару қаласындағы Islam Negeri Sultan Syarif Kasim Riau университетінде білім алды. Бұл Индонезиядағы ең маңызды экономикалық қалалардың бірі, әсіресе мұнай-газ және химия өнеркәсібінің орталығы ретінде белгілі. Қала туристік бағыт болмаса да, тыныштық пен өмірдің өлшенген заңы бар. Университет оқу және әкімшілік ғимараттардан басқа үлкен мешіт пен жатақханалар кіретін үлкен кампуса орналасқан.

«Осы жатақханалардың бірінен Мен де тұрдым. Арқалықтағы жатақханаларымыздан айырмашылығы, олардың студенттік үйлерінде ас үй, кір жуатын орын және т.б. сияқты ыңғайлылық жоқ, сондықтан күн сайын асханада немесе кампустан тыс жерде тамақтану керек болды. Тағамдары негізінен тауық немесе балық қосылған күріш, кеспе. Артықшылықтары: манго, папайя, кокос және т.б. сияқты экзотикалық жемістер бірнеше есе арзан. Жалпы оқыту әдістері біздікінен айтарлықтай ерекшеленбейді, сабақтарды таңғы 7-де (біздің уақытымыз бойынша 5-те) бастау әдеттен тыс болды және кейбір дәрістер үзіліссіз 2,5 сағатқа дейін созылды. Ыстық климатқа қарамастан, ол желдеткіштер мен кондиционерлердің арқасында кеңселерде ыңғайлы оқиды, - дейді Рустам.

Ол барған күні-ақ еліміздің тарихымен, ұлттық құндылықтарымен шетелдік достарын таныстырыпты. Тіпті, «Қазақстан» шоколады мен құртымызды өзімен ала барған көрінеді. Шоколадты сүйсіне жеген индонезиялықтар өкінішке қарай құртты ұнатпапты.

Рустам ағылшын тілімен қатар, индонезий, қазақ, орыс, өзбек, түрік, араб тілдерін жақсы біледі. Сол себепті, қатарластарына тіл үйренудің маңызды екенін айтады.

Университеттің Дианаз Бақтығалиева, Диана Батырбай және Анеля Сабитова сынды студенттері аталмыш бағдарламаның арқасында Түркияның Нигде қаласындағы Нигде Омир Халесдемир университетінде білім алып қайтты. Тіліміз ұқсас елдің мәдениетімен танысқан жастар, шет елдегі алған тәжірибенің ұзақ уақытқа мол азық екенін жасырмайды.

«Әрбір сәт — жаңа мүмкіндік» дегендей, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бізге ұсынған мүмкіндігі арқылы Түркия елінде өзіміздің бақытты да, сәтті студенттік күндерімізді өткізе алдық. Бұл бағдарлама тек білім алуға ғана емес, сонымен қатар жаңа мәдениетті танып, шет елдегі өмір салтымен етене танысуға үлкен жол ашты. Түркиядағы әрбір күніміз біз үшін естен кетпес тәжірибе мен жаңа ашылымдарға толы болды. Жаңа достар, жаңа әсерлер, тіпті өзіміздің ішкі дүниемізге саяхат жасауға мүмкіндік туды. Шет елде оқи жүріп, түрлі мәдениет өкілдерімен тіл табысып, шет тілін өмірде қолдану арқылы өзімізге деген сеніміміз артты. Бізге осындай мүмкіндікті сыйлаған бағдарламаға және оқу ордамыз Ы.Алтынсарин атындағы университетімізге алғысымыз шексіз. Бұл сапар бізді тек студент ретінде емес, тұлға ретінде де өсірді. Ерекше тәжірибенің арқасында, әр сәт ол біздің мүмкіндігіміз екенін түсіндік, - дейді Дианаз. Сонымен қатар, ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу

жылының 2-семестрінде Гүлхан Қожанова, Ирода Мадаминова және Райымбек Иманғазиев Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде білім алып қайтты.


Орта Азиямен қатар, біздің жалынды студенттер Балтық елдерінде де білімдерін шыңдады. Әсіресе, Эльнура Зейнел, Жанерке Конратбай, Дильназ Батырхайрова-екі жыл қатарынан, ал, Назерке Қойбақова, Айнур Ағытаева, Жұлдызай Ерболқызы — 2024 жылы бір рет Польшада болып келді.

«Біз Польша мемлекетінің Ломж қаласындағы MANS оқу базасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алып, тәжірибеден өттік. Осы академиялық ұтқырлықтың арқасында университет қабырғасында алған білімімізді тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік алдық. Тәжірибені Green Crops агрошаруашылыққа бағытталған компаниясында өттік. Біз, АПУ студенттері, екі жыл қатарынан осы академиялық ұтқырлықпен Польшада болдық. Соның арқасында 10-нан астам елді көруге мүмкіндік туды. Академиялық ұтқырлық арқылы әлемнің әр бұрышынан достар таба алдық. Осы бағдарламаға қатысуға мүмкіндік берген университеттің әрбір басқарма мүшесіне алғысымыз шексіз, - дейді Эльнура Зейнел.

Мұндай мүмкіндік университеттің кез келген студентіне тиесілі. Тек талаптарға сай болғаны. Жағдайы жететін шәкірттер өз қаражаты есебінен де баруға болады. 2022-2024 жыл аралығында академиялық ұтқырлық бойынша 44 студент ел аумағымен шет елдерде білімін толықтырыпты. Бүгінгі мақсат өзге оқу ордаларының шәкірттерін тәжірибе алмасу үшін Арқалық педагогикалық университетіне шақыру болып отыр. Оған киелі қара шаңырақтың қауқары жетерлік.

Оразхан ЗЕЙНОЛЛА

Туған жер өзін дегенде...



2 БЕТТЕ

Еңбек-табыстың кілті



3 БЕТТЕ

Мамандығын мақтаныш еткен әкелер



4 БЕТТЕ

Ауылдастарға ашық хат



6 БЕТТЕ